

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіруді жеделдету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 23 маусым N 1288.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.08.13. N 3613 Жарлығымен. ~U973613

Тұрғын үйді жекешелендіру купондарын пайдалану тетігін одан әрі жетілдіру және оларды Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге жұмсау мақсатында қаулы етемін:

1. Тұрғын үйді жекешелендіру купондарын пайдалану тәртібі туралы ереже бекітіліп, ол 1993 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

2. Жергілікті әкімдер:

- республика азаматтарына тұрғын үйді жекешелендіру купондарын есептеу 1993 жылдың соңына дейін аяқталуын;

- Қазақ КСР-і Президентінің 1991 жылғы 13 қыркүйектегі N 444 қаулысымен, басқа да нормативтік актілермен бекітілген "Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық механизм туралы ережеге" сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру жұмысының жеделдетілуін және азаматтардың тұрғын үйді жекешелендіру жөніндегі өтініштері дер кезінде қаралуын;

- тұрғын үйлерді жекешелендіру жөнінде өздері қабылдаған шешімдерге сәйкес қолданылып жүрген ережелерді бұза отырып, мемлекеттік тұрғын үй қоры тегін берілумен қатар халықтың жекелеген санатына тұрғын үйді жекешелендіру купондары есептелген шешімдері қайта қаралуын қамтамасыз ететін қосымша ұйымдық шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып 1992 жылғы қаңтардың 1-нен кейін пайдалануға берілген мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру тәртібін 1993 жылғы 1 тамызға дейін белгілейтін болсын.

4. Облыстық, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне тұрғын үйді жекешелендіруге байланысты шығындарды өтеуге арналған комиссиялық алымның мөлшерін инфляциялық процестерді ескере отырып белгілеу құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті әрбір аймақ бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендірудің барысын және тұрғын үйді жекешелендіру купондары мемлекеттік меншікті жекешелендіру мақсатында пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік беретін статистикалық есепке түзету енгізіп, оны 1993 жылғы 1 қазаннан бастап қолданатын болсын.

6. Жергілікті әкімдердің жекешелендірілген тұрғын үйді сыйға тарту, сатып алу-сату, жалдау, мұраға қалдыру, айырбастау жөніндегі меншік құқығын шектейтін актілер қабылдауына жол беруге болмайды деп саналсын.

7. Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғын үйді жекешелендіру купондарын тұрғын үйді немесе шағын жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде мүлікті жекешелендіруге, сондай-ақ қайта құрылатын мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін сатып алу үшін пайдалана немесе оларды Тұрғын үйді жекешелендіру купондарын пайдалану тәртібі туралы ережеге сәйкес сата алады деп белгіленсін.

1992 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдалануға берілген тұрғын үйлерді жекешелендіру тәртібі Қазақ КСР-інде мемлекет меншігін жекешелендірудің купондық механизмі туралы ережемен реттеледі.

Азаматтар тұрғын үйді жекешелендіру купондарын Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес мемлекеттік мүлікті сатып алуға жұмсағысы келсе, олар өздері отырған пәтерлерін қолма-қол ақша беріп сатып ала алады. Мұндай жағдайда пәтерлердің бағасы 1991 жылдың 1 қаңтарындағы құнына қарай, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті тоқсан сайын анықтайтын инфляция индексі ескеріле отырып белгіленеді.

8. Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің

купондық механизмі туралы ереженің 18-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халыққа есептелген купондар арнаулы купон есепшотын ашу үшін Қазжинақбанкінің бөлімшелеріне аударылады".

Осы Ереженің 16, 19 және 20-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы. 1993 жылғы 23 маусым
N 1288

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 23 маусымдағы
N 1288 қаулысымен
Бекітілген

Тұрғын үйді жекешелендіру купондарын
пайдаланудың тәртібі туралы
Ереже

Осы ереже Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық механизмі туралы Ережеге" сәйкес есептелген және мемлекеттік тұрғын үй қоры сатып алынғаннан кейін қалған немесе пәтерлерді (үйлерді) жекешелендіруге пайдаланылмаған тұрғын үйді жекешелендіру купондарын (бұдан әрі - тұрғын үй) пайдаланудың тәртібін айқындайды.

1. Қазақстан Республикасында тұрғын үй купондары, тұрғын үйді жекешелендіру кезінде төлем құралы ретінде қолданылумен қатар, шағын жекешелендіру объектілері мен қайта құрылатын мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін аукциондық және конкурстық сату процесіндегі мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезінде пайдаланылады.

2. Тұрғын үй купондары республиканың Меммүліккомы органдары шағын жекешелендіру шеңберінде аукциондар мен конкурстар өткізген кезде төлем құралы ретінде міндетті тәртіппен қабылданады. Бұл орайда аукционда немесе конкурста сатып алынған мүлік үшін сатып алушы төлейтін соманың 50 проценті ақша қаражаты және 50 проценті тұрғын үй купоны болады

3. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекелеген қызметкерлер немесе олар құрған шаруашылық серіктестіктері сатып алған жағдайда сату бағасының 75 процентіне дейінін тұрғын үй купондарымен төлеуге болады.

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілер тұрғын үй купондарын халыққа фирмалық қызмет көрсетуді дамыту үшін аукциондарда, коммерциялық конкурстарда шағын жекешелендіру объектілерін сатып алу үшін пайдалана алады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің (Меммүліккомы) органдары шағын жекешелендіру шеңберінде мемлекеттік меншік объектілерін сату жөнінде мамандандырылған аукциондар өткізе алады, оларда төлем құралы тек тұрғын үй купондары болып табылады.

5. Тұрғын үйді жекешелендіру купондары бар азаматтар оларды жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға шектеусіз емін - еркін (сата, тарту ете, мұра етіп қалдыра) алады, сондай-ақ оларды Қазжинақбанк мекемелеріне Меммүліккомы мен Қазжинақбанкiнiң бiрлескен шешiмiмен белгiленген бағам бойынша сата алады. <*>

Тұрғын үй купондары сатылған жағдайда оларды беру жөніндегі операцияларды халықтың тұрғын үй купондарымен есеп айырысу жөніндегі чек кітапшасындағы чекпен ресімделген азаматтардың жазбаша тапсырмалары негізінде олардың есеп шотынан Қазжинақбанкiнiң бөлiмшелерi жүргiзедi. <*>

Тұрғын үй купондарын тарту ету және мұрагерлік бойынша қалдыру Қазжинақбанк бөлiмшелерi арқылы нотариалдық кеңселер ресiмдеген құжаттар негiзiнде, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Тұрғын үй купондарының шотын ашқаны және олар бойынша операцияларды жүзеге асырғаны үшін Қазжинақбанк белгілеген мөлшерде және тәртіппен нақтылай ақшамен ақы алынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің
1993.11.30. N 1434 қаулысымен.

6. Қазжинақбанк мекемелері тұрғын үй купондарын сатып алатын жеке адамдар мен мемлекеттік емес заңды ұйымдар үшін купондық шоттар ашады. Купондық шоттары бар жеке адамдар мен мемлекеттік емес заңды ұйымдар өз қолында бар тұрғын үй купондарын өз қалауына пайдалануға, яғни:

- оларды шағын жекешелендіру шеңберінде өткізілетін аукциондарда, коммерциялық конкурстарда мемлекеттік меншікті сатып алу үшін, мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін сатып алу үшін пайдалануға;

- оларды басқа адамдарға сатуға құқылы.

7. Тұрғын үй купондарын мемлекеттік емес заңды ұйымдарға сату жөніндегі операциялар осы Ереженің 5-тармағына сәйкес жүргізіледі.

8. Тұрғын үй купондарымен есеп айырысу жөніндегі чек кітапшасының иесі оны жоғалтқан жағдайда оны Қазжинақбанк белгілейтін тәртіппен қалпына келтіруге құқылы.

9. Аукциондарда, коммерциялық конкурстарда сатып алған мемлекеттік мүлік немесе ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкі үшін тұрғын үй купондарымен есеп айырысу операциялары Қазжинақбанк бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады. Бұл үшін сатып алушының тұрғын үй купондарымен есеп айырысу жөніндегі чек кітапшасындағы чекпен ресімделген жазбаша тапсырмасы бойынша Қазжинақбанк бөлімшесі мемлекеттік мүлікті сатып алу-сату шартында көрсетілген сомада сатып алушының купондық шотынан республика Меммүліккомы органының арнаулы шотына аударады. Сатып алынған мемлекеттік мүліктің құнын тұрғын үй купондарымен төлеу мерзімі сауда-саттық шартымен айқындалады.

Тұрғын үй купондарының Меммүлікком органының арнаулы шотына аударылуы сатып алушының мемлекеттік мүлік құнының купондық бөлігін төлегенін білдіреді.

10. Тұрғын үйді жекешелендіру және мемлекеттік меншікті шағын жекешелендіру шеңберінде реформалау процестері аяқталғаннан кейін республиканың Меммүлікком органдарының шоттарында жинақталған тұрғын үй купондары өтеледі.